



ҚОҒАМДЫҚ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОРЫ

ЖАҚИЯ

ОБЩЕСТВЕННЫЙ БЛАГОТВОРИТЕЛЬНЫЙ ФОНД

# Zhakiya foundation

«Жакия» қорының 2024 жылдағы  
қызметі туралы есеп

Дайындаған:  
Майра Альжанова

## ҚОР ТУРАЛЫ

«Жақия» қайырымдылық қоғамдық қоры 2012 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Қордың қызметі балалардың қоғамға сәтті бейімделуіне ықпал ететін үш негізгі бағытқа негізделген: сауықтыру бағдарламалары, тәрбиелік шаралар және білім беру жобалары..

**Қордың миссиясы** – аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар мен жастардың, сондай-ақ балалар үйлерінің тәрбиеленушілерінің әлеуетін ашуға жағдай жасау. Бұл мақсатқа оларды сапалы біліммен, тәрбиемен және салауатты өмір салтымен қамту арқылы қол жеткізіледі. Нәтижесінде олар – елдің табысты әрі белсенді азаматтары болып қалыптасады.

**Қордың мақсаты** – аз қамтылған отбасылар мен балалар үйлерінің тәрбиеленушілеріне жоғары білім алуға және сапалы стоматологиялық көмекке қол жеткізуге мүмкіндік беру арқылы қолдау көрсету.

Бұл мақсат қордың келесі негізгі бағыттардағы қызметін айқын көрсетеді:

**Білім беру:** Қор аз қамтылған отбасылар мен балалар үйлерінің тәрбиеленушілеріне жоғары білім алуға көмектесу үшін білім беру гранттарын ұсынады. Атап айтқанда:

- Қазақстанның жоғары оқу орындарында оқып жатқан студенттерге қаржылық қолдау көрсету;
- Ай сайын шәкіртақы беру.

**Тәрбие:** Қор аз қамтылған отбасылар мен балалар үйлеріндегі балалар мен жастардың өмірде табысты болуына қажетті құндылықтық бағдарларын қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл бағытта:

- Оқу орындарына қолдау көрсету;
- Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға жәрдемдесу.

**Денсаулық:** Қор аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар мен жастардың салауатты өмір салтын ұстануына жағдай жасауға тырысады. Оның ішінде:

- Стоматологиялық қызметтер алуға көмектесу;
- Ауыз қуысы гигиенасын насихаттау.

# ҚОР ҰЖЫМЫ



**Шолпан Сарсенова**  
Қамқоршылық кеңесінің мүшесі



**Рахат Садыков**  
Қор президенті



**Ирина Егорова**  
Қор бухгалтері



**Майра Альжанова**  
Жобалар жетекшісі

# ЖОБАЛАР

**«Күлкі сыйла» – тегін  
стоматологиялық көмек  
бағдарламасы**



**Жақия Сарсенов атындағы оқу  
гранттары бағдарламасы**



**Оқу орындарына көмек  
көрсету бағдарламасы**



# «КҮЛКІ СЫЙЛА» – ТЕГІН СТОМАТОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК БАҒДАРЛАМАСЫ

Бағдарламаның мақсаты – балалар үйлерінің тәрбиеленушілеріне және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға тұрақты негізде стоматологиялық және мемлекет тарапынан қаржыландырылмайтын ортодонтиялық қызметтер көрсету.

- **2024 жылы стоматологиялық көмек 162 балаға көрсетілді.**

Бағдарламаға келесі мекемелер мен санаттардағы балалар қатысты:

- **Алматы облыстық №1 балалар үйі:**

“Жетім” және “Ата-ана қамқорлығынсыз қалған” санатындағы **93 бала** стоматологиялық ем қабылдады.

- **Алматы қаласындағы SOS балалар ауылы:**

“Жетім” және “Ата-ана қамқорлығынсыз қалған” санатындағы **36 бала** стоматологиялық ем алды.

- **№10 мектеп-интернат (аз қамтылған отбасылардың балалары үшін):**

Аз қамтылған отбасылардан шыққан **22 бала** стоматологиялық еммен қамтылды.

- **«Сенім» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы:**

Мүгедектігі бар **2 балаға** стоматологиялық көмек көрсетілді.

- Көпбалалы отбасынан шыққан **7 бала** және атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алатын отбасынан шыққан **2 бала** стоматологиялық ем алды.



# АУЫЗ ҚУЫСЫНЫҢ ЖАЛПЫ ТЕКСЕРІСІ ЖӘНЕ ГИГИЕНАЛЫҚ ДӘРІСТЕР

**2024 жылы біз 3 гигиена сабағын өткізіп**, Алматы облыстық №1 балалар үйі, Алматы қаласындағы SOS балалар ауылы және №10 мектеп-интернаттың **251 баласына** тек білім ғана емес, сонымен қатар тіс пастасы мен щеткалары түрінде практикалық көмек көрсеттік.

Әр бала өзінің күлкісін күту мүмкіндігіне ие болды.

Жақия Сарсенова атындағы гранттың иегерлері - студенттер, гигиена сабақтарында ерікті болып, балаларға түрлі білім беру ойындарын ұйымдастырды.



# ЖАҚИЯ САРСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ОҚУ ГРАНТТАРЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Бағдарламаның мақсаты — балалар үйлері мен интернаттарынан шыққан, аз қамтылған отбасылардан шыққан түлектерді анықтап, оларды қолдау. Бағдарлама академиялық көрсеткіштері жақсы және әрі қарай оқу үшін мотивациясы бар студенттерге бағытталған.


2012 жылдан 2024 жылға дейін Жәкия Сәрсенова атындағы білім гранты бағдарламасы аясында **64 студент** оқу ақысын толықтай өтеу мен "Жақия" қорынан ай сайынғы шәкіртақы алу мүмкіндігіне ие болды.

2024 жылы Қор жаңа **4 студентке** грант тағайындады. Олардың арасында болашақ бағдарламалық инженерлер мен шет тілдері мұғалімдері бар.

Қазіргі таңда Жәкия Сәрсенова атындағы білім гранты бағдарламасы бойынша **26 студент** білім алуда, олардың 13-інің оқуын "Қазақстан Иджара Компаниясы" АҚ (ҚИК) қаржыландырып отыр.

2021 жылдан 2024 жылға дейінгі аралықта ҚИК-тан түскен қаражаттың жалпы көлемі **53 523 754 теңгені құрады**.

Қор ҚИК компаниясына әр тоқсан сайын қайырымдылық көмектің игерілуі туралы қаржылық есеп ұсынып отырады.



2012–2024 жылдар аралығында бағдарламаға жалпы бөлінген қаражат көлемі **148 587 673** теңгені құрайды.

# ЖАҚИЯ САРСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ОҚУ ГРАНТТАРЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

2024 жылы бағдарлама аясында 3 студент оқуын аяқтап, диплом алды.



**Карина Махамбетова** — қаржы саласының маманы, Алматы Менеджмент Университетінің түлегі. Қазіргі уақытта халықаралық аудит компаниясы PwC-де Assurance Associate лауазымында қызмет атқарады.



**Бекзада Нұрғазина** — “Фармация” мамандығы бойынша Қазақстан-Ресей Медициналық Университетінің түлегі. Қазіргі уақытта «Biomed» дәріханасында фармацевт ретінде еңбек етеді.



**Абдихақорова Актоты** — Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің “Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі” мамандығы бойынша түлегі. Қазіргі уақытта Today School білім беру орталығында қазақ тілі пәнінің мұғалімі болып жұмыс істейді.

# ЖАҚИЯ САРСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ОҚУ ГРАНТТАРЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Студенттердің жетістіктері:

- **Бақытнұр Айтмұхамбетова** — Мақсұт Нәрікбаев атындағы Университеттің (КАЗГЮУ) 3-курс студенті, халықаралық коммерциялық арбитраж бойынша MNU командасының мүшесі. 2024 жылы MNU командасы тарихи жетістікке қол жеткізіп, Гонконгте өткен Виллем Си. Вис атындағы халықаралық коммерциялық арбитраж бойынша Vis Moot байқауында TOP-32 қатарына енді.

*Vis Moot — бұл халықаралық коммерциялық арбитраж бойынша әлемдегі ең беделді байқаулардың бірі. Ол жыл сайын Вена мен Гонконгте өтеді. Байқауға әлемнің 450-ден астам университеті қатысып, студенттерге үздік университеттердің командаларымен сайысуға бірегей мүмкіндік береді.*

- Сондай-ақ, Бақытнұр Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Қорының стипендиясын жеңіп алды.



# ЖАҚИЯ САРСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ОҚУ ГРАНТТАРЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

- Студенттердің «Қазақстан Иджара Компаниясы» АҚ бас директоры және ұжымымен кездесуі

«Қазақстан Иджара Компаниясы» АҚ студенттер мен Қор өкілдерін бейресми таңғы асқа шақырды.

Кездесудің негізгі мақсаты – студенттермен жеке танысу және еркін форматта пікір алмасу болды. Компания қызметкерлері өздерінің мол кәсіби тәжірибелерімен бөлісіп, студенттерге шабыт беріп, алға сеніммен қадам басуға жігерлендірді.

Өз кезегінде, студенттер өз армандары, алдағы жоспарлары мен өмірлік ұмтылыстары жайлы әңгімеледі.

- Ақтөбе қаласындағы студенттермен кездесу

Ақтөбе қаласында грант арқылы жоғары білім алуға мүмкіндік алған 9 студентпен кездесу өтті.



# ЖАҚИЯ САРСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ОҚУ ГРАНТТАРЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

- **Вагиб Вихров** — Алматы қаласындағы SOS балалар ауылының түлегі, Туран университетінің 3-курс студенті, «Қаржы» мамандығы бойынша білім алуда. Ол Жәкия Сәрсенова атындағы гранттың иегері. 2024 жылы жазғы тәжірибеден «Исткомтранс» ЖШС-нің қаржы департаментінде сәтті өтті.
- **Серғазы Аружан** — С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың 3-курс студенті, мамандығы — «жалпы медицина». 2024 жылдың маусым айынан бастап «Жакия» қорының «Сыйла күлкі» стоматологиялық көмек бағдарламасы аясында жұмыс істеп келеді.

Аружан балалардың стоматологқа дер кезінде жазылуын ұйымдастырып, олардың және еріп жүрушілердің тасымалын қамтамасыз етеді.



## ОҚУ ОРЫНДАРЫНА КӨМЕК КӨРСЕТУ БАҒДАРЛАМАСЫ:

- Алатау ауданындағы оқушыларға арналған «Мектепке жол» қайырымдылық жобасы

Жоба аясында көпбалалы, аз қамтылған отбасылар мен қамқоршылықсыз қалған 25 балаға мектепке қажет кеңсе тауарлары мен форма табысталды.

Бұл көмек балалардың жаңа оқу жылын сенімді бастауына мүмкіндік берді.



- Алатау қалалық ауруханасына жедел жәрдем көлігі табысталды

«Исткомтранс» ЖШС-мен бірлесе отырып, Алатау қалалық ауруханасына заманауи жедел жәрдем көлігі сыйға берілді. Көлік толық медициналық құралдармен жабдықталған: портативті ИВЛ аппараты, зембіл, дефибриллятор, ЭКГ құрылғысы, оттегі баллоны және басқа да қажетті медициналық жабдықтар.



## ОҚУ ОРЫНДАРЫНА КӨМЕК КӨРСЕТУ БАҒДАРЛАМАСЫ:

- **Жақия Сарсенов атындағы мектептегі жөндеу жұмыстары (Аралтөбе ауылы, Ақтөбе облысы)**

Мектепте ауқымды жөндеу жұмыстары жүргізілді: жаңа су жылытқыш (бойлер) пен жапқыш перделер (жалюзи) орнатылып, ыстық су тартылды және жарықтандыру жүйесі толық ауыстырылды.



- **Жақия Сарсенов атындағы мектептегі тігін кабинеті (Аралтөбе ауылы, Ақтөбе облысы)**


Жақия Сарсеновтың 90 жылдық мерейтойына орай, Изада апаның бастамасымен мектепте заманауи тігін кабинеті ашылды. Тігін кабинеті қажетті құрал-жабдықтармен толық жабдықталған: кәсіби Janome тігін машиналары, оверлок, үтіктеу жабдықтары, манекен және тұтыну материалдары орнатылған.



# ОҚУ ОРЫНДАРЫНА КӨМЕК КӨРСЕТУ БАҒДАРЛАМАСЫ:

- **«Болашақ» мектепке дейінгі мекемесі (Аралтөбе ауылы)**

«Болашақ» мектепке дейінгі мекемесінің сұранысы бойынша ғимарат ішінде кешенді жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Заманауи бейнебақылау жүйелері орнатылып, жапқыш перделер жарық өткізбейтін жаңа үлгілерге ауыстырылды. Сондай-ақ жарықтандыру жүйесі толығымен энергия үнемдейтін жарықдиодты шамдарға жаңартылды. Балалар мен қызметкерлердің жайлылығы үшін жұмсақ кілемдер, ыңғайлы пуфтар мен орындықтар сатып алынды. Ойын аймағына жаңа проектор мен экран орнатылып, бұл балалардың бос уақытын әртараптандыруға мүмкіндік береді. Ас үй аймағы да жаңартылып, жаңа электр плитасы орнатылды.



# ОҚУ ОРЫНДАРЫНА КӨМЕК КӨРСЕТУ БАҒДАРЛАМАСЫ:

- «Аяз Ата бол!» жобасы – «Исткомтранс» ЖШС, «Ремвагон» ЖШС және «Жетіген» ТЛЦ қызметкерлерінің қатысуымен өткізілген қайырымдылық акциясы

Компания қызметкерлері «Аяз Ата бол!» атты сиқырға толы қайырымдылық акцияға қатысты.

Біз «Жанұя» арнайы орталығының 75 тәрбиеленушісіне және Қалалық сәбилер үйіндегі 40 балаға қуаныш сыйлап, оларды Жаңа жылдың ертегідей атмосферасына бөлей алдық. Әр бала өзіне көптен күткен сыйлығын алып, мейірім мен қамқорлықты сезінді.





## ОҚУ ОРЫНДАРЫНА КӨМЕК КӨРСЕТУ БАҒДАРЛАМАСЫ:

- **Аралтөбе ауылындағы балаларды Жаңа жылмен құттықтау**

Қор Жакия Сарсенов атындағы мектептің бастауыш сыныптарының 65 оқушысы мен «Болашақ» мектепке дейінгі мекемесінің 25 тәрбиеленушісін Жаңа жылмен құттықтап, Kinder компаниясының тәтті сыйлықтарын табыс етті.





2024 жылы «Жакия» қорының әлеуметтік желілерінде жарияланған контент

2024 жылы «Жакия» қорының әлеуметтік желілерінде 22 post, 18 reels форматындағы видеоролик және 71 stories жарияланды.

Барлық контент қордың үйлестірушісі тарапынан қосымша мамандарды тартпай-ақ дайындалды.



## СҰРАҚТАР МЕН ҰСЫНЫСТАР ҮШІН

### ЖОБАЛАР ЖЕТЕКШІСІ

Альжанова Майра

### ТЕЛЕФОН НОМЕРІ

+ 7 (747) 628 - 23 - 04

+ 7 727 3555111 (ішкі. 703)

### ПОЧТА

alzhanova@zhakiya.kz